

4 Құжат



6 «Әрбір нысанның артында құрылысшылардың маңдай тері бар»



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!



Сыр бойы

№116-117 (21191-21192) 8 тамыз, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.election.gov.kz

/// ЕРТЕҢ – ҚҰРЫЛЫСШЫ КҮНІ

СЫРДЫҢ СӘУЛЕТІН АСҚАҚТАТҚАНДАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Кеше «Өнер орталығында» Құрылысшы күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және зиялы қауым өкілдері мен сала ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы құрылысшылардың өңірді дамытудағы еселі еңбектерін жоғары бағалады.

– Баршаңызды кәсіби мереке – Құрылысшы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Құрылысшы – қоғамдағы ең қадірлі, ең жасампаз мамандықтардың бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек» деген болатын.

Сыр бойындағы құрылыс шежіресінің тамыры тереңде жатыр. Көне Шірік-Рабат, Сығанақ пен Жанкент шаһарларынан бастау алған сәулет өнерінің дәстүрі бүгінгі заманауи құрылыспен сабақтасады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Қызылорда облысы қарқынды құрылыс алаңына айналды. Аймағымызда 2022 жылдан бері 270-тен астам әлеуметтік нысан салынып, 46 білім беру, 45 денсаулық сақтау, 22 мәдениет, 27 спорт нысаны халық игілігіне берілді.

Мемлекет басшысының қолдауымен

Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы, заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты іске қосылды. «Қазақстан Темір жолы» компаниясының, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен Қызылорда теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Президентіміздің тапсырмасымен барлық аудандағы теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылды.

Биыл 28 жобаның құрылысына бюджеттен 177 млрд теңге бөлінді. Нақты кезеңде сол жағалаудағы 100 келушіге арналған емхана және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана, 500 келушіге арналған емхана, Титов шағын ауданында 400 орындық №5 емхана ғимараты, 200 орындық перинаталдық орталық және «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешені салынууда.

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында берген тапсырмасына сәйкес қаламызда тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана мен жаңа драма театрдың құрылысы басталды. Осы ретте ел игілігіне адал қызмет етіп жүрген құрыш қолды құрылысшыларға облыс халқының атынан шексіз алғысымды білдіремін! Сіздерге сарқылмас күш-қуат, отбасыларыңызға құт-береке, дендеріңізге саулық тілеймін! – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада құрылыс саласының үздіктері ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың Алғыс

хатымен, Өнеркәсіп және құрылыс министрілігінің «Құрметті құрылысшы» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мерекелік іс-шарада эстрада әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгерім Қалаубаева және Сыр өнерпаздары әннен шашу шашты.

Аймақта тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған жобалар нәтижелі іске асуда. Сонғы төрт жылда 7600 пәтер беріліп, 30 мыңнан астам тұрғын баспаналы болды. 2026-2027 жылдары 6200-ден астам пәтер табыстау, 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешу жоспарланған. Оның 1200 пәтері аудан орталықтарында салынып жатыр.

Жыл соңына дейін құрылыс жұмыстарының нақты орындалған көлемін 369 млрд теңгеге жеткізу көзделуде.

Жақында ғана Президенттің қатысуымен стратегиялық инфрақұрылымдық жобалардың бірі – «Қызылорда-Сексеуіл», «Ұлғайсын-Сексеуіл» және «Бейнеу-Сексеуіл» автокөлік жолдарының құрылысы ресми түрде бастау алды.

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясының демеушілігімен биыл 2,9 млрд теңгеге жуық қаржыға Жаңақорған, Шиели аудандарында екі спорт кешені, ауылдық клуб пен емхана құрылысы басталады.

«СБ» ақпарат

3-бет

/// 10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ



АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА...

Елімізде 10 тамыз ұлы ақын, ойшыл әрі ағартушы Абай Құнанбайұлының туған күні – Абай күні ретінде аталып өтеді. 2020 жылдан бастап бұл айтулы күн еліміздің мерекелер тізбесіне енгізілген.

Бұл күні ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына және ағартушылық қызметіне байланысты зияткерлік шаралар өткізу дәстүрге айналып келеді. Әрине, ұлы Абайға байланысты игі шаралар бәрінің алдында тұруы тиіс. Осылай болып та жүр. Абай күніндегі рухани, мәдени шаралардың ауқымы артып, бүкілхалықтық сипат алуына ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қабылданған «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасы да тікелей ықпал еткені анық.

3-бет

/// 12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ

ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Кеше Қорқыт ата атындағы аллеяда қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен брифинг өтті. Онда басқарма басшысы Руслан Каюпов 12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай арнайы апталық іс-шаралар жоспары бекітілгенін, соның шеңберінде облыс жастарының азаматтық белсенділігін арттыруға, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және қоғамдық өмірге кеңінен тартуға бағытталған жүйелі жұмыстар қарқынды түрде жалғасын табатынын айтты.

2-бет



Ашық дереккөзден

/// САПАР

ЖАҢАҚОРҒАН – ТЫҢ БАСТАМАЛАР ЖАРШЫСЫ

ҚҰС ФАБРИКАСЫ –
БІРЕГЕЙ КӘСІПОРЫН

Жаңақорғанда жаңашыл бастамалар жетерлік. Соның бірі – «Абдулла» шаруа қожалығының құс фабрикасы. Бейсенбі күні облыс әкімі Мұрат Ергешбаев айтулы фабриканың ашылу салтанатына қатысты.



2-бет

/// НАРЫҚ

БАЗАР БАРДЫҚ, БАҒА БІЛДІК



Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ІРІ ҚАРА МАЛ ҚАЙДА КЕТЕДІ?

Осы апта Қызылорданың мал базарында болдық. Жаздың ыстығында тек түнде ғана жұмыс істейді. Кешкі жетіден басталатын сауда таң атқанша жалғасады екен. Себебі, Сырдың аптап ыстығы белгілі, кейбір төлі бар түлікке тым жайсыздық тудыруы мүмкін. Ал қыс айларында сауда күндізгі уақытқа ауысады.

3-бет

Валюта бағамы

\$ 467,48 kzt

€ 539,52 kzt

₽ 5,73 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+34°



+24°

Жексенбі



+37°



+24°

БІЛІМ ГРАНТЫ: ТІЗІМ ШЫҚТЫ

Кеше ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері тізімін жариялады. Биыл 75 мыңнан астам талапкер еліміздің жоғары оқу орындарында тегін білім алу мүмкіндігін иеленді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы экономиканың білікті кадрларға деген ұзақ мерзімді сұранысын ескере отырып қалыптастырылған. Мұнда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, білім беру гранттарының 60%-ы елдің индустриялық және технологиялық дамуы үшін стратегиялық маңызға ие инженерлік және техникалық даярлау бағыттарына бөлінген.

Өңірлерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше көңіл бөлініп отыр. «Серпін» жобасы аясында екі мыңнан астам грант иегері Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орындарында білім алады.

2026 жылы білім беру гранттарын тағайындау конкурсына шамамен 127 мың өтініш түсті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 14 мыңға көп. Гранттарды бөлу барысында заңнамада көзделген мемлекеттік қолдаудың барлық тетіктері сақталды. Атап айтқанда, халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған квоталар, халықаралық олимпиадалар мен ірі спорттық жарыстардың жеңімпаздарына конкурстан тыс берілетін гранттар, сондай-ақ мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға арналған 1816 грант қарастырылды.

Мемлекеттік білім беру грантының электрондық куәліктері үш жұмыс күні ішінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының grant.testcenter.kz сайтында қолжетімді болады. Ал жоғары оқу орындарына құжат қабылдау 25 тамызды қоса алғанда дейін жалғасады.

«СБ» ақпарат

«ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?»

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau

sailau.gov.kz

sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН



Басқарма басшысының айтуынша, Халықаралық жастар күніне орай қолға алынған апталық іс-шаралардың әр күні қоғам үшін маңызды құндылықтарға арналып отыр. Айталық, экологиялық тазалық акциясында қаладағы мәдени-көпшілік орындарға тазалық және абаттандыру жұмыстары жүргізілсе, игі істер марафонында жастар және волонтерлардың қатысуымен, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетілді. Сондай-ақ белсенді жастар донор болып, қан тапсыру акциясына қатысып, қайырымдылық пен ізгілік үлгісін танытты. Ал «Жастар және жасанды интеллект» тақырыбындағы фотокөрме, бейнероликтер байқауы өтті.

Бұдан бөлек, апталық аясында Абай күніне арналған әдеби кештер, кітап оқу мәдениетін насихаттайтын «Оқы. Ойлан. Өзгер.» акциясы, «100 минут оқу» челленджі, жастардың цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған кездесулер өткізіледі. Сонымен қатар, жастарға білім алу, жұмысқа орналасу, кәсіпкерлік пен мемлекеттік қолдау тетіктері бойынша кеңес беретін бірыңғай жастар алаңдары жұмыс істейді. Жалпы апталық іс-шаралар жастардың құқықтық мәдениетін нығайтуға, қоғамдық бастамаларға кенінен тартуға бағытталған. Бұл жұмыстар жүйелі жалғасын табады.



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жастарға әрдайым ерекше сенім артып, оларды ел дамуының негізгі күші ретінде айқындап келеді. Президент бастамасымен жастарды біліммен, жұмыспен, кәсіпкерлікпен қамтуға, сондай-ақ, олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Осы кезеңде өңірімізде 200-ден астам әлеуметтік нысан пайдалануға берілді.



Айталық, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық – инновациялық академиясы, жаңадан бой көтерген облыстық тарихи-өлкетану музейі, Жастар театры, Құзыреттілік орталығы, Ботаникалық бақ, Теннис орталығы, Оқушылар сарайы, тағы басқа нысандарды айтуға болады. Алдағы уақытта аймақ тұрғындарының игілігіне заманауи талаптарға сай «Қызылорда-Арена» көпфункционалды спорт кешенін табыстау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, аудандардағы «Руханият орталықтары» базасында Жастар орталығы және түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Мемлекеттік саясат аясында өңір жастарының жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру, олардың қоғамдық белсенділігін арттыру және бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар әрдайым басты назарда болмақ, – деді Р.Қаюпов.

Сөзінің барысында басқарма басшысы жастарды әлеуметтік қолдау бағытындағы маңызды бастамалардың бірі – 2023 жылы іске асырылған «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасы екеніне тоқталды. Бағдарламаның негізгі мақсаты жас мамандар мен жас отбасыларды қолжетімді қамтамасыз ету арқылы олардың өңірде тұрақтап, еңбек етуіне қолайлы жағдай жасау. Осындай қолдаудың нәтижесінде, соңғы екі жылда 200-ден астам жас отбасы баспаналы болған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, өңірімізде жастар болашағына бағытталған жүйелі жұмыстар әрі қарай жалғасын таба береді.

Айта кетейік, биыл жастар күніне арналған мерекелік шаралар Қазақстан Республикасы Конституциясының күшіне енуі және алда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауы аясында өткізіледі. Нақтылай түсек, 10-12 тамыз аралығында республика көлемінде «Жастармен бірге!» акциясы ұйымдастырылып, оның басты іс-шарасы Астанадағы «Jastar Fest» республикалық жастар фестивалі болмақ.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ЖАҢАҚОРҒАН – ТЫҢ БАСТАМАЛАР ЖАРШЫСЫ



Рәсімде аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, жүзеге асып жатқан ауқымды жобаларды атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа инвестициялар ең алдымен, еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек» деген болатын.

Бүгінде Жаңақорған ауданында тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бастамалар сәтті жүзеге асуда. Соның бірі – осы «Абдулла» шаруа қожалығының құс фабрикасы.

Кәсіпорын құрылысына 5,5 млрд теңге бөлінген, жылына 6 мың тоннаға жуық құс етін өндіреді. Өнімі аймағымыздан бөлек, көрші облыстарға да жеткізіледі. Мұнда 120 адам жұмыспен қамтылады. Осындай маңызды жобаны Жаңақорған ауданында жүзеге асырғаны үшін жеке инвесторға зор ризашылығымызды білдіремін.

Бұдан бөлек, мемлекетке қайтарылған активтер есебінен 1,1 млрд теңгеге салынған су тарату станциясы пайдалануға беріледі.

«МАИ бекеті» және «Алтыкрант» шағын ауданындағы 2 мыңға жуық тұрғын үй сапалы ауызсумен қамтылады. Осы жобалардың жүзеге асырылуы облысымыздың, әсіресе Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына оңықпал етеді. Баршаңызды құс фабрикасының ашылуымен тағы да құттықтаймын, – деді облыс әкімі.

Шарада Жаңақорған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Исабекұлы және құс фабрикасын салуға атсалысқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Фабрика аумағында 12 қор, құс соятын, бапалан ашатын цехтар, әкімшілік, техникалық қызмет көрсету ғимараты орналасқан.

Айта кетейік, өңір экономикасын әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда 1 трлн 900 млрд теңгеге 48 инвестициялық жоба іске қосылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Соның ішінде, биыл 100 млрд теңгенің 21 жобасын іске қосу жоспарланған.

СУ ТАРАТУ СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жаңақорған кентінің «МАИ бекеті» шағын ауданында пайдалануға берілген су тарату станциясы – ондағы халықтың ең бір қажетті игілігі.


Салтанатты шарада аймақ басшысы аудан тұрғындарын құттықтады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына

орай Бас прокуратураның ұйымдастыруымен 2025-2026 жылдары мемлекетке қайтарылған активтер есебінен өңірімізге 45 млрд теңге қаржы бөлініп, 31 жоба іске асты. Оның ішінде Жаңақорған кентіндегі су тарату станциясын салуға 1,1 млрд теңге қаржы бөлініп, жұмыс толық аяқталды. Нәтижесінде 1500-ге жуық үй сапалы ауызсумен қамтылып, тұрғындар қуанышқа кенеліп жатыр.

Мемлекет басшысына, Бас прокуратураға аймағымыздағы ауқымды әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуына қолдау көрсеткені үшін Сыр жұртшылығы атынан алғысымды білдіремін, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада облыс прокуроры Ризабек Ожаров, Жаңақорған кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Серқожа Ыдырысов сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына



«СБ» ақпарат

ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АУМАҚТАРЫН АБАТТАНДЫРУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

дағы нормалар мен талаптарды сақтау бөлігінде құрылыс алаңдарын күтіп ұстауда, құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін абаттандыруды қалпына келтіруді Тапсырыс беруші қамтамасыз етеді.

80. Құрылыс алаңдарын абаттандыру саласындағы нормалар мен талаптарды сақтау бөлігінде күтіп ұстау кезінде:

1) құрылыс алаңының қоршауын тазға және жарамды күйде ұстауға, ақпараттық-баспа өнімінің, суреттердің, жазулардың, тегістеулердің, майысқан жерлердің, сынықтардың болмауын қамтамасыз етуі;

2) құрылыс алаңынан асфальтбетон жабыны бар жолға дейін қатты жабыны бар кірме жолдарды жабықтауы;

3) құрылыс алаңына іргелес жалғасы ортақ пайдаланылатын аумақты пайдаланған жағдайда, осы аумақта орналасқан көл жабынының, тротуарлардың, қолданыстағы сыртқы жарықтандыру желілерінің, жасыл жөкестердің және шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз етуі қажет.

81. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін, егер құрылыс мердігерлік шартында өзгеше көзделмесе, құрылыс жұмыстарын жүргізу нәтижесінде бұзылған және жалпы пайдалану аумағында орналасқан жол жабындарын, тротуарларды, абаттандыру элементтерін Тапсырыс беруші қалпына келтіруге тиіс.

82. Топырақты, қоқысты, сусымалы құрылыс материалдарын, жеңіл ыдысты, жапырақтарды, шопті, ағаштарды жолдардың жастауын бойлапмайтын брезентпен немесе басқа материалмен жабысыз тасымалдауға, сондай-ақ құрылыс қоспалары мен ертіпіндерін (оның ішінде цемент-күмір ертіпіндің, әкте, бетон қоспаларын) жолға, тротуарға, жол жиегіне немесе жолға іргелес жатқан қоғал жолынағыа тәуіл мүмкіндігін бойдырмайтын шаралар қолданбай тасымалдауға жол берілмейді.

10-бөлім. Балалар мен спорт алаңдарын күтіп ұстау

83. Балалар және спорт алаңдары:

1) жазғы уақытта тегіс емсе жерлерге құм себу арқылы үстіңгі беті жоспарланады;

2) үнемі сыпырылады;

3) қысқы уақытта қардан тазартылады;

4) тиісті техникалық жағдайда күтіп ұсталады және боялады.

84. Балалар және спорт алаңындағы қоршаулар мен құрылыстарды жылына кемінде бір рет бояу керек.

85. Балалар және спорт алаңдарын күтіп ұстауда және олардағы қауіпсіздікті алаңдардың меншік иесері қамтамасыз етеді.

86. Балалар алаңдарын транзиттік жоау жүргіншілер қозғалысынан, өткелдерден, бұрылыс алаңдарынан, қонақ тұрақтарынан, коқыс жинағыштарды орнатуға арналған алаңдардан, автокөлік құралдарын тұрақты және уақытша сақтау учаскелерінен оқшаулау қажет. Балалар алаңдарына кіреберістерді өтпе жолдардан және көшелерден ұйымдастыруға жол берілмейді.

87. Балалар алаңдарын реконструкциялау кезінде жаракаттауын бойдырмай үшін алаңның аумағында шығынсыз тамырлардың немесе салдырған тұрған төмен бұтақтардың, жер бетінен жоғары орналасқан ескі, кесілген жабық қалдықтарының (тректер, іргестар), жерге көмілген металл секіріштердің (әдетте турниктер мен бұрылыстарды) болуын бойдырмау қажет. Іргелес аумақтарды реконструкциялау кезінде балалар алаңдары жұмыс жүргізу және құрылыс материалдарын сақтау орындарынан оқшауланады.

11-бөлім. Контейнерлік алаңдарды күтіп ұстау

88. Контейнерлік алаңдар – қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған көлкіе арналған кірме жолдарды бар, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орнатылған аумақтарды біріктіретін тұлғалар үй иелерінің арасында Аумақ бойынша қоқыстың тәулігіне жол бермейтіндей етіп жоспарланады және орнатылады.

89. Контейнерлік алаңдар – эстетикалық тұрғыдан орындалған және қалдықтарды жою мерзімдері туралы мәліметтері, осы жұмысты орындайтын ұйымның атауы және алаңды күтіп ұстау және қатты тұрмыстық қалдықтарды уақтылы жою бойынша сапапы және уақтылы жұмыс істетеу жасауға тұрғанғы байланыстары болды.

90. Тұрғын үй қорына қажет көрсететін тұлғалар үй иелерінің аумағында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдесінде № ҚР ДСМ-67 бұйрығымен *****(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тзілімінде 2022 жылғы 27 шілдесі № 28925 тіркелген) бекітілген «Коммуналық мексаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес контейнерлік алаңдарды алаңдасырады.

91. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған қоқыс контейнерлері мен контейнерлерге арналған алаңдарды орналастыруға, оларды күтіп-ұстауға және санитариялық жай-күйіне олардың иесі іргелес аумақты ескере отырып, қамтамасыз етеді.

12-бөлім. Үй жануарларын серуендетуге арналған алаңдарды күтіп ұстау

92. Үй жануарларын серуендетуге арналған алаңдар шағын ауданның және тұрғын ауданның жасыл жөкестерден бос ортақ пайдаланылатын жерлерінің аумақтарында орналастырылады.

93. Үй жануарларын серуендетуге арналған алаң аумағындағы абаттандыру элементтерінің тізбесі қажет болған жағдайда, жабынның әртүрлі түрлерін, қоршауды, орындықтарды, коқыс салатын жөкшілерді, жарықтандыру және ақпараттық жабықтауары қамтиды.

94. Алаң аумағында «Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы №168 бұйрығымен бекітілген *****(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тзілімінде №28138 болып тіркелген) Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидалары бар ақпараттық стенд көзделеді.

13-бөлім. Автотұрақтар аумағын күтіп ұстау

95. Елді мекен аумағында автотұрақтардың мынадай түрлері көзделеді:
автомобильлерді қысқа мерзімге және ұзақ мерзімді сақтау, көше (жүру бөлігінде тағамбен белгіленген тұрақ түрінде), көшелен тыс («жалтаң және жүру бөлігінен шегінің түрінде).

96. Жалпы пайдалану орындары мен аула аумақтары жоспарлау кезінде көгалдарға көлік құралдарын қоюға мүмкіндік бермейтін физикалық кедергілер көзделуі қажет.

97. Орамшлік және ауаалышқ жолдарда темірбетон блоктарын, бағаналарды, қоршауларды және басқа да құрылыстарды өз бетінше орнатуға жол берілмейді.

98. Үй маңындағы аумақтарда рұқсат етілмейді:

1) осы максаттар үшін көзделмеген орындарда, сондай-ақ тротуарларда, балалар ойыны алаңдарында, абаттандыру орындарында және жасыл жөкейлері бар учаскелерде, контейнерлік алаңдар мен оларға іргелес аумақтарда көлік құралдарын тоқтау және тұраққа қою;

2) болыпескен көлік құралдарының тұрағы.

4-бөт

3-параграф. Инженерлік коммуникацияларды абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізуі

99. Мердігердің (бас мердігердің) кінәсінен жүзеге асырылған автомобиль жолдарының конструктивтік элементтері мен жабындарының, автомобиль жолдарын жақсарту элементтері мен объектілерінің, жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарының, қоғаландыру мен абаттандыру элементтерінің барлық зақымданулары толық көлемде жойылады.

100. Мердігер (бас мердігер) жұмыстар жүргізілетін орынды қоршайды, қоршылмайды (реконструкциялау, жөндеу, құлып жөндеу) объектісі туралы мәліметтер, Тапсырыс беруші мен мердігердің атауы, жұмыстарды жүргізуге жауапты лауазымды адамның тегі, оның қызметтік телефонның нөмірі, жұмыстарды жүргізу мерзімдері көрсетілетін ақпараттық қалқанлар орнатады.

101. Инженерлік коммуникацияларды реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстар немесе топырақ пен қатты жабындарды ашуға байланысты жұмыстар, сондай-ақ авариялық жұмыстар аяқталғаннан кейін оларды жүргізу кезінде бұзылған абаттандырудың барлық элементтерін мердігер (бас мердігер) қалпына келтіруге тиіс.

102. Автомобиль жолдарының жол жабыны Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы №56 бұйрығымен бекітілген *****(Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тзілімінде №9176 болып тіркелген). Автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу және көл активтерін басқару кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің сыныптар талаштарына сәйкес қалпына келтіріледі.

103. Авариялық жағдайларда құрылыс элементтері бүлінген жағдайда, қалпына келтіру шағын сәулет нысандарын, арық жүйесін, инженерлік коммуникацияларды қоса алғанда, құрылымды бүдірген тараптың есебінен жүзеге асырылады. Қалпына келтіру мерзімі он екі сағатты құрайтын инженерлік коммуникацияларды қоспағанда, жою мерзімі жетпіс екі сағаттан аспайды.

4-параграф. Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру жөніндегі іс-шаралар

1-бөлім. Елді мекендердің аумағын жинау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

104. Күнгізбөлік жыл бойы елді мекен аумақтарын күтіп ұстау және жинау жөніндегі жұмыстар бірінші климаттық жағдайларына байланысты мусымдық сипатта болады.

105. Уақытша құрылыстарды қоса алғанда, ғимараттардың (олардағы үй-жайлардың), құрылыстардың меншік иесері болып табылатын, сондай-ақ меншік құқығында жер учаскелерін иеленетін жеке және заңды тұлғалар үй жанындағы және іргелес аумақты жинауды, дербес немесе аумақтарды абаттандыруға қатысушыларды тарту арқылы өз қаражасы есебінен жүзеге асырылатын жұмыстарды жүргізу қажет.

106. Елді мекен аумағында өндіріс және тұтыну қалдықтарын санкцияланбаған жерлерде жинауға және орналастыруға жол берілмейді.

107. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын рұқсат етілмеген орындарда орналастырған адамдар өз есебінен осы аумақты жинауды және тазалауды, ал қажет болған жағдайда – жер учаскесін рекултивациялауды жүргізеді.

108. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын рұқсат етілмеген коқыс үйінділеріне орналастырған адамдарды анықтау мүмкін болмаған жағдайда, өндіріс және тұтыну қалдықтарын жою және коқыс үйінділерінің аумақтарын рекултивациялау осы аумақты жинауды қамтамасыз ететін тұлғалардың есебінен жүргізіледі.

109. Тұтыну қалдықтарын жинау және шығару Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығымен бекітілген *****(Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тзілімінде №26341 болып тіркелген) коммуналық қалдықтарды басқару Қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

110. Елді мекеннің жалпы пайдалану орындарының аумағында өндіріс және тұтыну қалдықтарын жаюға жол берілмейді.

111. Коммуналық қалдықтарды көптегіреті тұрғын үйлерден, жеке тұрғын үйлерден және қоршаулардан алынатын қалдықтарды жинауды, өңдеуді және көздеге ұйымдардың, балалар және емдеу мекемелерінен әкетулі меншік иесілерімен, аталған ұйымдармен немесе Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қалдықтарды әкетуді жүзеге асыратын ұйыммен шарт бойынша жүзеге асырыды.

112. Жөндеу кезінде пайда болған қалдықтарды әкетулі осы жөндеуді жүргізген адамдар өз бетінше осы үшін арнайы бөлінген қалдықтарды жинауға жол берілмейді.

113. Жөндеу кезінде пайда болған қалдықтарды қалдықтарды уақытша сақтау орындарына және контейнерлік алаңдарға жинауға жол берілмейді.

114. Егер өңіңіз тұрмыстық және шаруашылық қызметің жер учаскесінде, тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайда жалға алу шарты немесе меншік иесімен өзге келісімнің негізінде жүзеге асыратын қалдықтарды жинауға жол берілмейді.

115. Жөндеу кезінде қажетті қалдықтарды жинауға жол берілмейді.

116. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтауға арналған сыйымдылықтарды орнатуға, оларды күтіп-ұстауды және тазалауды тиісті аумақтарды жинауды жүзеге асыратын тұлғалар жүзеге асырады.

117. Коқыс жөшігі (бактар) жарамды күйде ұсталады, коқыс жиналуын қарай тазартылады, бірақ айына кемінде бір рет жуылады және дезинфекцияланады.

118. Контейнерлік алаңнан және аған іргелес аумақтан контейнерлерден коқыс таситын көлікке тиіе кезінде төгілген өндіріс және тұтыну қалдықтарын шығару қалдықтарды жинау мен әкетуді жүзеге асыратын ұйымның қызметкерлері жүргізеді.

119. Трөлейбус және автобус аялдамаларын тазалау және жинау осы аялдамар орналасқан көшелер мен жолдардың аумақтарын жинау бойынша ұйымдар жүргізеді.

120. Соңғы трөлейбус және автобус аялдамаларын, диспетчерлік пунктінді аумақтарын тазалауды және жинауды осы объектілерді пайдаланатын ұйымдар қамтамасыз етеді.

121. Сауда объектіері орналасқан аялдамаларды жинау мен тазалауды, егер шартта өзгеше белгіленбесе, сауда объектілерінің иесері іргелес аумақтарын шекараларында жүзеге асырады.

122. Су тарту бағаларына пайдалану және тиісті санитарлық-техникалық жағдайда ұстау, оның ішінде оларды қоқыстан, мұздан және қардан тазарту, сондай-ақ оларға қауіпсіз жақындауды қамтамасыз етуді қолқоналқы меншігінде болатын ұйымдар жүзеге асырады.

123. Сауда базарлар аумағын және оларға іргелес аумақтарды тазалау және жинау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № ҚР ДСМ -73 бұйрығымен *****(Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тзілімінде №23856 болып тіркелген) бекітілген «Тамақ өнімдерінің көтерме және болық сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

124. Көпірлерді, өткелдерді, және жүргіншілер өткелдерін, виадуктарды, оларға іргелес аумақтарды тазалауды, сондай-ақ қол-жөкейлерді, көктер күш құралдарын және жолаушы қабылдайтын құдықтарды күтіп ұстауды осы объектілерге қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді.

125. Үй мен көшелер аумағының сыртына үйінділер мен коқыстарды төгуге, өндіріс және тұтыну қалдықтарын қоше жолдарына шығаруға жол берілмейді.

126. Сұйық тұрмыстық қалдықтарды арнайы көлігі бар ұйымдар шарт бойынша әкетуі қажет.

127. Ауаулардан жер үсті және жер асты суларын бұруға арналған арқылары, ынауалары, құбырларды, дренажлары тазалау мен жинауды тиісті аумақтарды жинауға жауапты аумақтарды абаттандыруға қатысушылар жүргізеді.

128. Тротуарларға, көгалдарға, жолдың жүріс бөлігіне су төгуге жол берілмейді, ал авариялық жағдайларды жүргізу кезінде коммуникация иелерінің келісімі бойынша және төгілген ағындарды су біру жөніндегі жұмыстарға жұмсалған шығындарды өтей отырып жақын маңдағы фекальды немесе нөсерлі қары құдықтарына медді ағызуға тек арнайы бұрмалар немесе шлангілер бойынша рұқсат етіледі.

129. Елді мекен шегінде оқшаулау белдеуі шегінде ететін темір-жол жолдары (қазбалар мен үйінділердің беткейлері, өткелдер, жолдар арқылы өтетін өткелдер) осы құрылыстарды пайдаланатын теміржол ұйымдарының күштерімен және құралдарымен жиналады және ұсталады.

130. Электр беру желілерін, газ, су құбыры және жылу желілерін орналастыру және пайдалану үшін бөлінген аумақтарды тазалау және тазалау көрсетілген электр беру желілері мен желілерін пайдаланатын ұйымдардың күштері мен құралдарымен жүзеге асырылады.

131. Бақылау құдықтарын, жерасты коммуникацияларын тазалау кезінде топырақ, коқыс, лас қалдықтарды тазалау жұмыстарымен айналытын ұйымдардың күшімен дереу жеткілетін арнайы ыдысқа салынады.

132. Жол қозғалысына кедергі келтіретін көшелерде тасталған заттарды жинау тиісті аумақтарды жинауға жауапты аумақтарды абаттандыруға қатысушылар жүзеге асырады.

2-бөлім. Қоше аумақтарын жинауды жүргізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

133. Қала аумағын жинау техникалық және санитарлық талаптарға сүйене отырып, күнібойы тазалық пен тәртіпті сақтай отырып, күн сайын жүргізіледі.

134. Үй маңындағы аумақтарды тазалау негізінен жаю жүргіншілер саны шамалы болған кезде тәнертен және кешкі уақытта жүргізіледі.

135. Тазалау кезінде үй маңындағы аумақтардан, тротуарлардан жиналатын және пайдалану тазартылатын коқыстарды жолға шығарып тастауға жол берілмейді.

136. Өрт салдарынан не оларды пайдалану мерзімінің өтуі салдарынан жарамсыз болып қалған тұрғын үй құрылыстары, сарайлар және басқа да құрылыстары Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі №202 бұйрығымен *****(Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тзілімінде №22672 тіркелген) бекітілген Объектілерді кейіннен көздеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге шешім беру қағидаларына сәйкес меншік иесері қоршаумен қоршайды, оларды болшектейді және коқыстан тазарталды.

137. Мұндай құрылыстарды тазалауды меншік иесері оларды арнайы қоқыс жарамсыз деп анықтаған сотпен бастап алғы ай ішінде жүргізеді.

3-бөлім. Қыс мезгілінде қалалар мен елді мекендердің аумағын жинауды жүргізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

138. Жолдар мен өтетін жолды қысқы кезеңде жинау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

139. Жиналатын қар жергілікті атқарушы орган айқындайтын, осы максаттар үшін арнайы бөлінген орындарда әкетіледі.

140. Көшелерде және үй маңындағы аумақтарда жинау жұмыстарын жүргізу технологиясы мен режимдері ауа-райына қарамастан көлік құралдары мен жаю жүргіншілердің кедергісіз қозғалысын қамтамасыз етеуі қажет.

141. Елді мекен аумағын қысқы жинаудың бірінші кезектегі іс шараларына мыналар жатады:

1) қарды тырмалау және сыпыру;

2) жолдардың жүріс бөлігін, көктайпаққа қарсы материалдарды жалпы пайдаланылатын аумақтарды өңдеу;

3) кейіннен әкету үшін қар білгін қалыптастыру;

4) қысыпастыратын қоғамдық жолаушылар қалың аялдамаларында, әкімшілік және қоғамдық ғимараттарға кіреберістердегі, орамшлік аумақтардан шығатын жерлердегі қар үйінділерінің ақырауын орындау.

142. Екінші кезектегі іс-шараларға мыналар жатады:

1) қарды алып тастау (шығару);

2) жүріс бөлігінен қарды алып тастағаннан кейін жолдың тартқыш болып табылуы.

3) мұзды сындыру және қар-мұз түйінділерін жинау.

143. Жолдардың жүріс бөлігіндегі қар тазалау жұмыстарын қар жауа бастағанда дереу бастау қажет. Ұзақ қар мен боран кезінде қар тазалау және көктайпаққа қарсы материалдармен өңдеу шиклары қайталанып, жаю жүргіншілер мен көлік құралдарының қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

144. Көшелер, жолдар, тротуарлар қар жауғаннан кейін қырақ сегіз сағат ішінде қардан және қарлы үйінділерден толығымен тазартылады.

145. Жолдардан, көшелерден және өткелдерден қарды шығару бірінші кезекте аялдама пункттерінен, жер үсті жаю жүргіншілер өткелдерінен, көпірлер мен жол өткелдерінен, адамдардың жаппай баратын орындарынан (оның ішінде ірі дүкендерден, базарлардан, қонақ үйлерден, вокзалдардан, театрлардан), медициналық мекемелерден және басқа да әлеуметтік мақсаттағы объектілердің аумағына кіреберістерден аяқталғаннан кейін бір тәулік ішінде жүзеге асырылады.

146. Жолдарда, көшелерде және бір жақты көлік жүретін жолдарда жолдың сүйеніш бөлігі қыс бойы қар мен мұздан борттық тасқа дейін үнемі тазаланады.

147. Қар ерігеннен кейін қарды уақытша жинайтын орындар коқыстан тазартылады.

148. Қар жауған және көктайпақ кезінде елді мекен аумағындағы жалпыға ортақ пайдаланылатын тротуарлар мен басқа да жаю жүргіншілер аймақтары қардан тазартылады, көктайпаққа қарсы материалдармен өңеледі. Тротуарлардың бүкіл аумағын өңдеуге арналған уақыт қар жауа бастағаннан бастап алғы сағаттан аспайды.

Шағын сәулеттік нысандар, сондай-ақ олардың айналасындағы кеңің жолдар оларға жақын жер қар мен мұздан тазартылады.

149. Тротуарларда, жаю жүргіншілер жолдарында және аялдама пункттерінде қар тазалау жұмыстары (механикаландырылған сыпыру және колмен тазалау) қар тоқтағаннан кейін бірден басталады. Ұзақ қар жауған кезде жаю жүргіншілер үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қар тазалау және көктайпаққа қарсы өңдеу шиклары қайталанды.

150. Жоғары құрылыстарының тротуарларын мен баспалдақ жиектері жаю жұмысын немесе тығыздалған қардан (қар-мұз түйіндерінен) жабылғанға дейін толық ені бойынша тазартылады.

151. Қар жауған кезде көпір құрылыстарының тротуарларын мен баспалдақ жиектері көктайпаққа қарсы материалдармен өңделеді және жаю жүргіншілердің қозғалысы үшін өткелдер тазартылады.

152. Люктердің, су құбыры және қары құдықтарының қақпақтары

/// ЕЛ АУЗЫНАН

Жас Абайдың абайсызда сөзден тосылуы

Ел аузындағы бір әңгімеде Абайдың жастау кезінде Орта жүздегі нағашыларының еліне барғаны айтылады. Абай аттанар күні әкесі Құнанбай: «Балам, Шаншарлардың алдында байқап сөйле, атакты Қаз дауысты Қазыбектің ұрпақтары шетінен ойға жүйрік, тілге шешен. Абайсызда арандап қалып жүрмегейсің» деп ескертеді.

Абай нағашыларына барып, аунап-қунап біраз күн жатады. Сондай күндердің бірінде нағашысы Тонтайдың намазды сүлесөқтау және асығыстау оқып аяқтағанын көріп, әзіл-шыны аралас: «Шариғаттың белгілеген қағидасын бұзып, төте тартатын да жолы болады екен-ау» деп қағыттыпты. Сонда Тонтай: «Жаратушы ием барлыққа келтірген әлем қандай кең болса, біз ұстанған Имам Ағзам Әбу Ханифаның шариғат қағидасы да сондай кең. Ұсақ-түйек қателіктері кешірілуге жатады. Өйткені ол қағида «аттың

жалы», «түйенің қомы», «садақтың оғындай» катігез емес» депті.

Жас та болса әулеттің арғы-бергі тарихынан хабары мол ескерімді Абайдың жүрегіне нағашысының бұл жауабы найзадай қадалады. Себебі, Тонтайдың «аттың жалы» дегені – Еңлік-Кебекті атқа сүйретіп өлтірткен Тобықтының биі Кеңгірбайдың билігі, «түйенің қомы» дегені – Қодар мен Қамқаны түйеге теңдеп асып өлтірткен әкесі Құнанбайдың үкімі, ал «садақтың оғы» дегені – Қалқаман-Мамырды садақпен атып өлтірген Көкенайдың қаталдығын айтқаны.

Тонтайдың осы астарлы жауабын әкесі Құнанбайға айта отырып Абай: «Бұл сөздер Тобықтыға таңба болып басылды, нағашының елінен еңсем түсіп аттандым» деген екен.

Әлімжан ҚИАС.
Қазалы ауданы

/// ЕРТЕҢ – ҚҰРЫЛЫШШЫ КҮНІ

«Әрбір нысанның артында құрылысшылардың маңдай тері бар»



– *Құрылыс саласына қалай келдіңіз? Бұл мамандықты таңдауыңызға кім әсер етті?*

– Менің құрылыс саласына келуіме бірден-бір себепкер – әкем. Ол кісі өмір бойы құрылысшы болып еңбек етті. Бала күнімнен оның қасында жүріп, құрылыс жұмысының қалай жүретінін көріп өстім. Демалыс күндері немесе қолым қалт еткенде әкеме көмектесіп, қарапайым жұмысты істеуден бастап үйрендім. Сол кезде құрылысшы мамандығының тек ауыр еңбек емес, үлкен жауапкершілік пен шеберлікті қажет ететін кәсіп екенін түсіне бастадым. Әкем әрдаймы: «Қалаған әр кірпішін берік болса, адамдардың саған деген алғысы да мәңгі болады» деп айтып отыратын. Осы сөздер менің жадымда сақталып қалды. Оның еңбекқорлығы, ісіне адалдығы мен үшін үлгі.

– *Осы уақытқа дейін шамамен қанша нысанның құрылысына қатыстыңыз? «Мен осы ғимаратты салдым» деп қайсысын мақтанып ең көрсете аласыз?*

– Осы жылдар ішінде талай әріптестен бірге еліміздің дамуына үлес қосатын тұрғын үйлердің, мектептердің, ауруханалардың және әлеуметтік нысандардың бәрі көтеріне атсалыстым. Мысалы, Шиеді ауданында аурухана, Оқушылар үйі, Руханият орталығы, ипотекалық тұрғын үйлер мен ауыл мектебін салдық. Ал Қызылорда қаласында Өнер орталығында, сол жағалаудағы ипотекалық баспаналарда қолтаңбамыз қалды. Одан бөлек Қазалы ауданында балабақша, аурухана, спорт кешенінің, Арал ауданында аурухана құрылысына атсалыстық. Құрылысшы болу – жай ғана мамандық емес. Бұл – үлкен жауапкершілік, шыдамдылық пен адал еңбекті талап ететін өмірлік жол. Мен үшін әрбір қаланған кірпіш – болашақ ұрпаққа қалатын мұра.

– *Құрылысшы мамандығының көпшілік біле бермейтін қандай қиындықтары бар? Жаздың аптап ыстығы мен қыстың аязы жұмысыңызға қаншалықты әсер етеді?*

– Бұл мамандық үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, әр бөлшекке мұқият болу өте маңызды. Бір ғана кателік үлкен мәселеге әкеп соғуы мүмкін. Ашық аспан астында жұмыс істейтіндіктен ауа райына тәуелдіміз. Бірақ құрылыс ешқашан тоқтамайды. Жазда ыстыққа, қыста аязға қарамастан еңбек етеміз. Мұндай жағдайда қауіпсіздік шараларын сақтап, жұмыс уақытын дұрыс ұйымдастыру маңызды.

– *Құрылыс аяқталған нысанды алғаш көргенде қандай сезімде боласыз? Құрылыс кезінде сіз үшін ең жауапты кезең қайсы?*

– Аяқталған нысанды көргенде бойымда ерекше қуаныш пен мақтаныш сезімі пайда болады. Ол жерде өз еңбегіңнің ізі қалғанын сезінесің. Ал құрылыс кезіндегі ең жауапты кезең – нысанның іргетасын қалау және негізгі көтергіш конструкцияларды орнату. Өйткені бүкіл ғимараттың беріктігі соған байланысты.

– *Үй немесе ғимарат салуда бұрын мен бүгінгің арасында қанай айырмашылық бар? Болашақта құрылыс саласы қалай өзгереді деп ойлайсыз?*

– Бұрын көптеген жұмыс қол күшпен атқарылатын. Қазір заманауи техника, жаңа материалдар мен цифрлық технологиялар кеңінен қолданылады. Болашақта автоматтандыру жүйесі күшейіп, энергияны үнемдейтін әрі экологиялық таза ғимараттар көбейеді деп ойлаймын.

– *Сіздің ойыңызша, қоғам құрылысшылардың еңбегін жеткілікті бағалап жүр ме?*

– Кейде құрылысшылардың еңбегі көзге көріне бермейді.

Аймақтың сәулетін айшықтап, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне жағдай жасайтын әрбір ғимараттың артында құрылысшылардың қажырлы еңбегі жатыр. Олар уақытпен санаспай ел игілігі үшін аянбай еңбек етеді.

Құрылысшы күніне орай отыз жылдан астам уақытын осы салаға арнаған, бүгінде «СМП-Қызылорда» ЖШС-да тас қалаушы болып еңбек етіп жүрген Сағынбай Қалмағанбетовпен сұхбаттастық.

Бірақ әрбір үйдің, мектептің, аурухананың артында құрылысшылардың маңдай тері бар. Сондықтан бұл мамандыққа құрмет одан әрі арта түссе деймін.

– *Құрылыс алаңында ешқашан ұмытпайтын оқиғаныз бар ма?*

– Әр нысанның өз тарихы болады. Әсіресе, қиын жағдайда жұмысты уақытында аяқтап, тапсырыс берушінің алғысын алған сәттер мәңгі есте қалады. Сондай кездері бүкіл ұжымның бірлігі мен еңбегі ерекше сезіледі.

– *Жас мамандар бұл салада неге қол келмейді деп ойлайсыз? Болашақ құрылысшыларға ақыл-кеңесіңіз...*

– Бұл жұмыс оңай емес, физикалық және моральдық төзімділікті талап етеді. Сондықтан кейбір жастар жеңілдеу мамандықтарды таңдайды. Бірақ құрылыс – болашағы бар сала. Ең бастысы – жауапкершілікпен жұмыс істеп, үнемі біліммен тәжірибені жетілдіру.

– *Отбасыңыз туралы айтып берсеңіз. Тізіңізді қуғандар бар ма?*

– Отбасымда жұбайым екеуміз төрт бала тәрбиелеп отырмыз. Үш қызым, бір ұлым бар. Екі қызым жоғары оқу орнын тәмамдап, бүгінде мұғалім болып еңбек етіп жүр. Бір қызым университетте білім алып жатыр. Ұлым мектепте оқиды. Балаларымның ешқайсысы құрылыс саласын таңдаған жоқ.

Әрқайсысы өз қызығушылығы мен қалауы бойынша мамандық таңдады. Мен олардың таңдауын әрқашан қолдаймын. Ең бастысы – өз ісін сүйіп, адал еңбек етіп, қоғамға пайдасын тигізетін маман болу.

– *Қарбаласы көп жұмыс арасында уақыт бөлеңізге рахмет!*

Сұхбаттасқан
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Адам өмірі – тұнып тұрған шежіре. Әр адамның ғұмыр жолында елге өнеге боларлық сәттер, кейінгі ұрпаққа үлгі етерлік істер болады. Осындай азаматтардың өмір жолын қағазға түсіру – жай ғана естелік жазу емес, уақыт алдындағы бір парыз деп білемін.

Сыр өңірі – қазақтың тарихы мен тағдыры тоғысқан, талай тарлан тұлғаны дүниеге әкелген қасиетті мекен. Дарияның бойын қоныс еткен ел ежелден еңбекті де, ерлікті де қатар ұстаған. Бұл өңірде туған ұлдың бойына адалдық пен еңбекқорлық, үлкенге құрмет пен кішіге ізет бесіктен дариды. Осындай киелі топырақта, Жалағаш ауданы Қазақстанның XX жылдығы атындағы колхозда, бүгінгі Мырзабай ахун ауылында 1956 жылдың 12 тамызында дүниеге келген сәбиге ата-анасы үлкен үмітпен Ахметжан деген есім береді.



АДАЛ ЕҢБЕК АБЫРОЙҒА БӨЛЕЙДІ

Қазақ үшін есім – жай ғана атау емес. Ол – баланың болашағына бағытталған ақ тілек. «Ахмет» – «мақтаулы», «ардақты», «құрметке лайық» деген мағынаны білдірсе, «жан» – адамның рухани болмысын, жүрегінің тазалығын меңзейді. Уақыт өте келе сол есім иесінің өмір жолына қараған сайын, ата-ананың тілегі қабыл болғандай әсерде қаласын.

Адамды тек аты ғана емес, өскен ортасы мен алған тәрбиесі де биікке жетелейді. Ахметжанның азамат болып қалыптасуының негізінде өнегелі әулеттің тәлімі, еңбекпен шыңдалған отбасының тағылымы жатты.

Әкесі Нұратаев Тұрабай 1920 жылы дүниеге келген. Ел басына күн туған Ұлы Отан соғысы жылдарында, 1942 жылы еңбек майданына алынып, үш жыл бойы тылдағы ауыр жұмыстарға қатысып, 1945 жылы туған жеріне аман-есен оралады. Соғыс жылдарының ауыртпалығы оны қажытқан жоқ, қайта қайраттандырып, елге қызмет етудің үлгісін көрсетті.

Елге келген соң ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жылдар абыройлы еңбек етті. Алдымен колхоз төрағасының орынбасары, кейін ферма менгерушісі болып қызмет атқарып, еңбекқорлығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында елжұрттың құрметіне бөленді. Адал еңбек пен қарапайымдылықты өмірлік ұстаным еткен Тұрабай ақсақал балаларына да осы қасиеттерді мирас етіп қалдырды. Ал Патыма апамыз мейірімі мен сабыры мол, үлкен әулеттің берекесін келтірген аяулы ана еді. Дүниеге әкелген он перзентін тәрбиелеп өсірді. Өкінішке қарай, 1963 жылы не-бәрі отыз сегіз жасында ауыр науқастан дүние салды. Тағдырдың бұл ауыр сынағынан кейін Ахметжанның тәрбиесін екінші анасы Базаркүл өз мойнына алды. Оның аналық мейірімі мен тәрбиесі Ахметжанның өмірге деген көзқарасының қалыптасуына, адамдық қасиеттерінің беки түсуіне ерекше ықпал етті.

Ахметжанның балалық шағы Сыр бойындағы қарапайым ауыл тіршілігімен астасып өтті. Ол кезде ауыл баласының ең үлкен мектебі – еңбек еді. Үлкендер егін басында, мал қасында жүрсе, балалар да қолдан келгенше көмек көрсететін. Еңбекке ерте араласқан бала өмірдің де, адамның да қадірін ерте түсінеді. Расында, мектеп қабырғасында жүргенде-ақ ұстаздарының сабырлы мінезін, жауапкершілігін, көпшіліктің ерекше бағалайтын. Алғашқы еңбек жолын туған ауылынан бастауы да оның өмірлік ұстанымын айқындай түскендей. Шаруашылыққа араласа жүріп, адал еңбек, маңдай тердің қадірін терең түсінді. Кейін қай қызметке жүрсе де, осы ауыл тәрбиесі Аханның бойынан бір сәт ажыраған емес.

Ахметжан ағаның дәл сол ауыл кезінен білемін. Бір ауылдың балалары болғандықтан, оның қандай ортада өскенін, үлкенге қалай сәлем беретінін, құрдастарымен қалай араласатынын көзіміз көрді. Бала күннен байқалған қарапайымдылық пен адамға жақын қасиет есейгенде де өзгерген жоқ. Қазақта: «Ағаш тамырымен, адам туған жерімен мықты» дейді. Бұл сөз Ахметжан ағаның өміріне дәл келеді. Ол қай қалада қызмет атқарса да, туған жерімен байланысын үзген емес. Ауылына деген сағынышы да, ағайынға деген құрметі де уақыт өткен сайын тереңдей түсті.

Жетпіс жылдың белесіне көтерілген Ахметжан ағаның ғұмыр жолына көз жібергенде, оның азамат болып қалыптасуына ерекше ықпал еткен кезеңнің бірі – Алматыдағы студенттік жылдары екеніне көз жеткізесін. 1974 жылы ол Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының студенті атанды. Бұл – ауылдан шыққан талапты жастардың үлкен өмірге қанат қаққан шағы болатын. Сол кездегі Алматы – қазақ жастарының арманы, ғылым мен мәдениеттің, өнер мен білімнің ордасы еді. Мен де сол жылдары Қазақ ауыл шаруашылығы институтында оқыдым. Бір өңірден келген жастардың бір-біріне жақын болуы заңдылық. Біз де жиі араласып, студенттік өмірдің қызығы мен қиындығын бірге бөлістік.

Ахметжан аға сол кездің өзінде көпшіліктің ортасында жүретін. Ешкімнің көңілін қалдырмайтын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, сөзі мен ісі қабысқан азамат еді. Мінезінде жасандылық жоқ болатын. Қай ортаға барса да өзін еркін ұстап, айналасына жылылық сыйлайтын. Өнерді ерекше сүйетін. Концерттер мен мәдени кештердің ұйымдастырылуына белсене қатысып, бізді де бірге ертіп жүретін. Оның бойындағы ұйымдастырушылық қабілет сол кездің өзінде анық байқалатын. Ол адамдарды бірлікке шақыра білетін, достықтың қадірін бағалайтын.

1979 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын ветеринар дәрігер мамандығы бойынша тәмамдаған жас маман туған жеріне оралды. Еңбек жолын Жалағаш аудандық ветеринариялық стансасында уәчаске менгерушісі болып бастады. Мал шаруашылығы қазақтың негізгі тіршілігінің бірі болғандықтан, ветеринар дәрігердің жауапкершілігі де өте жоғары еді. Соның көрінісі, көп ұзамай оның білімі мен ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп, Қызылорда совхоз-техникумына оқытушылық қызметке шақырылды. Бұл – оның өміріндегі жаңа белес еді.

Ұстаздық – жүрек қалауымен ғана атқарылатын мамандық. Жастарға тек мамандық үйрету аздық етеді. Оларға адамдықты, жауапкершілікті, еңбекке адалдықты да үйрету керек. Ахметжан аға осы міндетті терең түсінді. Шәкірттері де оны талапшыл болғанымен, әділ ұстаз ретінде құрметтейтін.

Білімге деген құштарлық оны ізденуден ешқашан тоқтатқан емес. Сол себепті 1988-1989 жылдары Мәскеу ветеринариялық академиясының педагогика факультетінде білім жетілдіріп, ветеринар-дәрігер-педагог мамандығын игерді. Бұл кезең үлкен тәжірибе болды. Жаңашыл әдістерді меңгеріп, кәсіби көзгеің кеңейтті.

1995 жылы тағдыр оны қасиетті Түркістанға алып келді. Түркістан – қазақ руханиятының алтын бесігі. Бұл қалаға келген әр адам оның тарихи тынысын сезінеді. Осындай қасиетті өлкеде Ахаң өзінің еңбек жолын жаңа деңгейге көтерді. Алғашында ветеринариялық зертхананың менгерушісі болып еңбек етсе, кейін Түркістан қалалық ветеринариялық қызмет меілекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының орынбасары қызметіне тағайындалды. Бұл жылдар еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі күрделі кезеңімен тұспа-тұс келді. Ел жаңарып, мемлекеттік жүйе қайта қалыптасып жатқан уақытта ветеринария саласына да жаңа талаптар

қойылды. Осындай жауапты кезеңде Ахметжан Тұрабайұлы өз тәжірибесін, білімін, ұйымдастырушылық қабілетін толық көрсете білді.

2019 жылы Ахметжан Тұрабайұлы құрметті еңбек демалысына шықты. Алайда елге қызмет етуді өмірлік мұрат еткен азамат үшін зейнеткерлік – еңбектен қол үзу емес, жинаған тәжірибесін кейінгі буынға үйретудің жаңа кезеңі болды. Сондықтан еңбек демалысына шыққаннан кейін де ол Түркістан қаласындағы Түркістан кәсіптік колледжінде ұстаздық қызмет атқарып, болашақ мамандарға дәріс берді. Көп жылғы өндірістік тәжірибесін шәкірттеріне үйретіп, жастардың кәсіби қалыптасуына өз үлесін қосты. Оның әрбір сабағы тек мамандыққа баулу ғана емес, еңбекке адалдықты, жауапкершілікті және адамгершілікті дәріптейтін өмір мектебіне айналды.

Ахметжан Тұрабайұлының өміріндегі ерекше белестердің бірі – қасиетті Мекке мен Мәдинаға барып, қажылық парызын өтеуі. Бұл – оның рухани кемелденуге, имандылық пен ізгілікке ұмтылған өмір жолының жарқын көрінісі. Қажылық сапарынан кейін де ол қарапайым қалпынан айнамай, адамға құрмет, ағайынға жанашырлық, адалдық пен сабырлық қасиеттерін өмірлік ұстаным етіп келеді. Халқымыз «Қажы болғанның емес, қажылықтың қасиетін сақтағанның жолы бөлек» дейді. Ахаңның өнегелі ғұмыры осы сөздің мәнін айқындай түседі.

Қазақ халқы ежелден отбасы құндылығын ерекше бағалаған. «Отан» – отбасынан басталады» деген сөздің терең мағынасы да осында. Берекелі отбасы – берік мемлекеттің, тәрбиелі ұрпақ – жарқын болашақтың негізі. Ахметжан Тұрабайұлының өмір жолына қарасақ, оның ең үлкен бақытының бірі – жан жағы Балкүлмен бірге құрған шаңырағы екені анық байқалады. Сонау жастық кезең, студенттік шақта басталған сыйластық пен сенім олардың бүкіл ғұмырына арқау болды. Балкүл жеңгей – отбасының ғана емес, қоғамның да сыйлы азаматы. Ол саналы ғұмырын білім саласына арнаған ұлағатты ұстаз. Тарих пәнінің ғылыми ретінде талай шәкірттің жүрегіне білімнің шырағын жақты. Еңбегі бағаланып, Қазақстан Республикасының оқу-ағарту саласының озық қызметкері атанды. Қай кезде де отбасы мен қызметтің жауапкершілігін қатар алып жүрген жұлбайлар үшін перзент тәрбиелеп өсіріп, олардың өмірден өз жолын табуына барынша көңіл бөлді. Бүгінде немерелердің бақытына бөленіп отырған жайы бар.

Қазақтың ұлы ойшылы Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырың деп» деген еді. Осы сөздің мәнін түсінген адам ғана айналасына жылу сыйлай алады. Ахметжан аға сондай азамат. Әріптестері білікті маман, әділ басшы ретінде бағалайды. Ағайындары кең жүректі, ақ көңілді азамат деп құрметтейді. Ал отбасы үшін ол – асқар тау әке, сүйікті жар, аяулы ата. Міне, адамның өмірдегі ең үлкен жетістігі де осы емес пе?! Жетпіс жас – өткенге есеп беретін ғана емес, келешекке үмітпен қарайтын кезең. Алда әлі талай қуанышты күндер, немере қызығын көретін бақытты сәттер бар.

Қазтай ӘБДІРЕЕВ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің құрметті профессоры

 www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi_kz www.instagram.com/syrboyi_kz Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007) Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035) Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. <tr><td> Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. </td><td> e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz </td><td> Таралымы 19705 </td><td> Тапсырыс №1342 </td><td> Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС </td></tr>	Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 19705	Тапсырыс №1342	Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 19705	Тапсырыс №1342	Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС	